

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

Бұйрық №173

Құлан ауылы

«29» тамыз 2024 жыл

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын
ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз №4 хаттамасын басшылыққа алып, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдері (бұдан әрі - ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - педагогикалық ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылсын;
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен және шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобы құрылып төмендегі құрамда бекітілсін:

Ш.А.Турганбаева - ДТІЖО, орталық қызметін ұйымдастырушы

Д.И.Юлдашев - ДҚТІЖО, хатшы

Д.А.Шоғалбаева - педагог-психолог, мүшесі

А.К.Наметкулова - педагог-психолог, мүшесі

А.Қ.Ускенбаева - педагог-психолог, мүшесі

Ж.А.Орманова - әлеуметтік педагог, мүшесі

Ж.А.Тойшыбекова - сынып жетекші, мүшесі

Г.К.Бекебаева - сынып жетекші, мүшесі

А.Қ.Бейсенбаева – тарих пәнінің мұғалімі, мүшесі

1. 2024-2025 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.

2. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

3. Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Турганбаеваға жүктелсін;
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» -ның жылдық жұмыс жоспары балалардың жас ерекшелігін ескере отырып жасалсын;
5. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
6. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.
7. Мектеп кітапханашысына: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
8. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге жүктелсін.
9. Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу ДТІЖО Ш.А.Турганбаеваға жүктелсін;

Мектеп директоры



Ш.Е.Дайрабаева